

## Ауылдар дербес бюджетке көше бастады

Қостанай облысында тұрғындар саны 2 мыңнан асатын 45 ауылдық округ дербес бюджетке көшті. Бұл туралы жақында өткен әкімдіктің кеңейтілген отырысында облыс әкімінің орынбасары Ерлан Спанов мәлімдеді.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасуы - ел экономикасының одан әрі дамуындағы басым бағыттардың бірі. Облыс әкімінің орынбасары Ерлан Спанов айтқандай, қазіргі уақытта ауылдық округтер мен аудандар арасында қызмет ауқымын ажырату, бюджетті және коммуналдық меншікті қалыптастыру туралы мәселелер пысықталды. «Ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап халық саны 2 мыңнан асатын 45 әкімшілік-аумақтық бірлік дербес бюджетке көшірілді. Аталған ауылдық округтердің өз қаржысының болуы осы саладағы жұмыстарымыздың бірінші сатысы ғана екенін ескерткен жөн. 2020 жылдан бастап, облыстың тағы 200 елді мекені жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың жаңа кезеңіне көшетін болады», - деді облыс әкімінің орынбасары.

Айта кетейік, жеке бюджетке ауыстырылған 45 ауылда 368 мемлекеттік қызметші бар. Сонымен қатар осы ауылдарда 9 бос орын толтырылмаған. Атап айтқанда, Қостанай ауданының Озерное ауылы әкімсіз отыр. Сондай-ақ, Ұзынкөл ауылында есепші жетіспесе, Федоров ауданының Пешков ауылдық округінде заңгер жоқ. Ерлан Спанов жергілікті өзін-өзі басқаруға көшу бойынша бастапқы кезеңнің аяқталуына қарамастан, бірқатар кемшіліктер бар екенін атап өтті.

«Дербес бюджеттерді кеңейтуге ықпал ететін шаралар әлі де жалғасады. Бірінші кезекте, ауылдық округ аппараттарының кадрлық қамтамасыз етілуі, қызметкерлерді оқыту және қайта даярлау мәселелері күн тәртібіне қойылды. Мұнымен қоса ауылдық округтердің әкімдерін мемлекеттік сатып алу бойынша өткізілетін жұмыстарды басты назарға алуға шақырамын. Бүгінгі дейін құны 98,3 млн теңге болатын 15 сатып алу конкурсы өткізілген жоқ. Мәселен, Арқалық қаласындағы Родина, Сарыкөл ауданындағы Сарыкөл, Қарасу ауданындағы Октябрь, Жанкелдин ауданындағы Торғай ауылдары әлі бірде-бір конкурс жарияламады», - деді Е.Спанов өз баяндамасында.

Өз кезегінде облыс әкімі Архимед Мұхамбетов қалалар мен аудандардың әкімдіктеріне дербес бюджетке көшкен ауылдардағы қаржы жүйелеріне және коммуналдық меншікті басқару жұмыстарына қолдау көрсетілуі керектігін айтты.

## Қазақстаннан ұрланған еді...

Қазақстаннан ұрланған 1,3 миллион доллар Швейцария банкінен табылды, - деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі ҚР Бас прокуратурасының баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы қылмыстық жолмен алынған және елден тысқары жерге заңсыз шығарылған мүлікті қайтару бойынша жұмыс нәтижесінде RothschildBankZurich швейцарлық банкінен 1,3 миллионнан астам АҚШ доллары көлеміндегі «тыйым салынған» ақшалай қаражатты анықтады», - делінген ведомство хабарламасында.

Сөйтсе, қаржы М. Абдралиевке тиесілі екен, ол 2012 жылдан бастап халықаралық іздестірілуде. М. Абдралиевке «Қорғас ісі» бойынша қылмыстық қауымдастықтың мүшелері Т. Жақаевқа, И. Әбдірахмановқа және Б. Құрманалиевке шет елде ақшалай қаражатты заңдастыруға көмектесті деген күдік келген. Осыған байланысты, прокурор швейцарлық банктегі ақшалай қаражатты тәркілеу туралы өтінішхатты сотқа жолдап, биылғы 29 наурызда Алматы қаласының Алмалы аудандық соты прокурордың өтінішхатын қанағаттандырды. Одан бұрын, бұл қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында «ТАТ Кредит» ЖШС-ның кеңсесін тінту кезінде М. Абдралиевке тиесілі 762 мың АҚШ доллары және 915 мың теңге алынғаны айтылады. Осыдан кейін прокуратура ақшалай қаражатты тәркілеу үшін сотқа тиісті өтінішхат жолдаған. Нәтижесінде прокуратура органдарының бастамасы бойынша 2,1 миллионнан аса АҚШ доллары мемлекеттік пайдасына тәркіленген.

Айта кетейік, қылмыстық-процестік заңнамаға өзгерістердің енгізілуіне байланысты биылдан бастап үкім шыққанға дейін заңсыз жолмен алынған мүлік тәркілеуге жатады.

Kaz.tengrinews.kz

# Бала тағдырына бәрі жауапты

Алматыда «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында «Отбасы–бала амандығының басты факторы» атты республикалық конференция өтті. Жиынды USAID және Орталық Азия Еуразиялық қорының қолдауымен «Көшбасшы әйелдер қоры» қоғамдық қоры ұйымдастырған.

Конференцияның мақсаты – балалардың құқығын қорғау, отбасыларға көмек көрсетудің өзекті мәселелерін талқылау үшін коммуникативтік алаң және платформа құру.

Жиында Білім және ғылым министрлігінің сарапшылары, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің өкілдері, Білім басқармаларының мамандары, халықаралық сарапшылар бала құқығына қатысты мәселелерді ортаға салды.

Соңғы кездері қоғамда жәбір-жапа шеккен бала жайында ақпарат жиі айтылып жүр. Сөйкесінше, «баланың құқығын қорғаймыз» дейтін қоғамдық ұйымдар да жетіп артылады. Бірақ балалар арасындағы әлімжеттік азаймады. Себебі, әділдік іздеген ата-ана, қамқорлық бала көп. Алыс-жақын шетелден, Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған мамандар «қайтсек, балаға қорған боламыз?» деген мәселенің сан түрлі себебіне тоқталды. Орталық Азия Еуразиялық қорының өкілі Азалия Дайырбекова бірнеше негізгі себептерді тарқатып айтып берді.

«Бала құқығын қорғау – әлемдік мәселе. Мәселені шешудің жолы отбасыдан басталады. Біріншіден,

қазір барлық білім ордаларында педагог-психологтар жұмыс істейді. Психологтардың негізгі жұмысы – баланың жанына үйілу, жан жарасының жазылуына ықпал ету. Әлеуметтік, тұрмыстық жағдайдан туындайтын әлімжеттік әр мектеп, балабақшада бар. Себебі, мектеп оқушылары арасындағы суицид мәселесі әлі де өзекті. Екіншіден, қазіргі қоғам психологтың көмегіне зәру. Оның үстіне екі ата-ананың бірі баласын психологқа жетелеп апара бермесі аян. Үшіншіден, таңның атысы, күннің батысы жұмысбасты ата-ананың балаға көңіл бөлуге уақыты тапшы. Осыдан келіп, баланың сана-сезімін зерттеп, құқығын қорғау мақсатында құрылған көптеген ұйым қанша жерден талдап-талқыласа да, бұл мәселе шешімін таппайды. Себебі, балаға ата-ананың мейірімінен басқа дүниесі қажет емес» деді.

Білім және ғылым министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру бөлімінің бас маманы Стэлла Ибраева баланың өміріне барлығы жауапты екенін баса айтты. «Соңғы жылдары қоғамда орын алып жатқан келеңсіз жайттар көп. Оның ішінде баланың тағдырына ата-анадан бастап бүкіл қоғам жауапты. Білім ордаларында түрлі бағдарламалар қабылданып, қолға алынғанымен, нәтижесі көңіл көншітпейді. Білім саласы мамандарының қандай да бір жаңа бастамасы болса, қолдауға дайынбыз» деді Стэлла Ибраева.

Министрліктің Балалар құқығын қорғау комитетінің бас сарапшысы Ержан Жиренбайдың айтуынша,

балалар арасындағы суицид азайған. «Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Әрбір азамат баланың өміріне, келешегіне бейжай қарамауы керек. Ата-ана, тәрбиеші, мұғалім бәрі жұмыла жұмыс істегенде баланың құқығы тапталмайды. Кішкентайынан қоғамнан қағажу көрген баланың жаны жараланады. «Қатыгез бала қайдан шығады?» деп мәселенің түп-төркінін алыстан іздеудің қажеті жоқ. Сол үшін баланың тағдырында шешуші фактор – отбасы. Қазіргідей ақпарат көз ілеспес жылдамдықпен таралатын кезеңде күн сайын түрлі келеңсіз оқиғаларды жиі естиміз. Соның бірі – балалардың суицидке қадам жасауы. Оның сан түрлі себептері болғанымен, түп негізі түсінбестікте жатыр. Баланың жанын түсінсек, жол көрсете білсек, суицид көрсеткіші де төмендейді. Мәселен, былтыр балалар арасындағы суицид көрсеткіші 35 пайызға азайған» деді бас сарапшы.

Сондай-ақ «TEENS – қолжетімді және сапалы көмек» жобасы аясында 2017 жылы халықаралық сарапшылармен бірге мектеп мамандарының біліктілігін арттыру үшін бағдарлама әзірленген. Жиын барысында «Ата-аналардың топтарын басқару және жасөспірімдермен жұмыс» бағдарламасының таныстырылымы өтті.

**Майра ЖАНЫСБАЙ**  
*(«Айна» апталығының*  
*электрондық нұсқасы, 4 сәуір*  
*2018 жыл)*

ҰЛТ ЖОСПАРЫ: ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

## Сот отырысы туралы уақтылы хабардар етудің маңызы зор

Тәуелсіздігіміздің арқасында сот жүйесі күн сайын қарқынды дамып, заманның талабына сай жаңа бір жетістіктермен толығып келеді. Оның дәлелі, Қазақстан Республикасының сот органдары 2014 жылдан бастап сот ісін жүргізуге қатысушыларды ұялы байланыстың абоненттік нөміріне немесе электрондық мекенжайына хабарлама жіберу арқылы хабарлауы.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының барлық соттарында «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі, «Электронды шақыру қағазы», «Сот құжаттарымен танысу» сервисі, «SMS-хабарлама» сервисі, «Талдау» форумы, сот органдарымен байланысу CALL-орталығы, сенім телефоны, дыбыс-бейне жазатын құрылғылар, бейнеконференция арқылы сот төрелігін жүзеге асыру секілді жаңа ақпараттық технологиялар қызметке енгізілді. Бұл орайда біздің Қостанай өңіріндегі соттар да елдегі жаңашылдықтан қалысар емес. Түрлі семинарлар, басқосулар өткізіліп, осынау заманауи ақпараттық технологияларды өмірге дендеп енгізу жөнінен айтарлықтай іс-шаралар

атқарылып келеді.

Мәселен, Қостанай облыстық сотында да сондай-ақ қалалық және аудандық соттарда да сот ісін жүргізуді қысқарту үшін сот органдарының онлайн сервистері мен қызметтеріне рұқсат беретін бірыңғай терезе «Сот кабинеті» жұмыс жасайды. «Сот кабинеті» арқылы азаматтар мен заңды тұлғалардың кез-келгені сотқа келіп әуре-сарсаңға түспей, ыңғайлы уақытта үйде немесе кеңседен шықпай-ақ онлайн режимде электронды түрде арыздарды, талап арыздарды беруге, шағымдар мен өтінішхаттарды жолдауға, сондай-ақ істің қаралу барысын бақылауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, «Сот кабинеті» электрондық сервисін ілгері дамыту және жаңарту мақсатында, мобильді құрылғы арқылы сот органдарымен берілетін, сервиске кіруге қамтамасыз етілетін «Сот кабинетінің мобильдік нұсқасы» қосымшасы әзірленді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және республика соттарының, соның ішінде біздің Қостанай облысының да, интернет-ресурстарында «Сот актілерімен танысу» және «Сот кабинеті» электрондық сервисік жүйелері енгізіліп қызмет көрсетуде.

Ал сот отырыстарына



қатысушыларды SMS немесе электрондық адрес бойынша хабарлау жүйесі құжат айналымы әдістерін жеңілдетті, сот процесіне қатысушылармен жедел және сапалы байланысты жоғарылатты, сотқа қатысушыларды хабарлауға ұйымның шығындарын (конверт, пошта хабарламасы мен маркаларға бөлінген ақша қаражаттары үнемделеді) азайтты. Бұрын хабарлама почта арқылы жолданатын болса, қазіргі таңда заман жетістігіне орай санаулы минуттар ішінде кез келген процеске қатысушыны sms-хабарлама арқылы шақыруға мүмкіндігіміз бар.

Почта байланысы бөлімшелері арқылы жөнелтілетін хабарламалар тиісті адресатқа кем дегенде 4-7 жұмыс күні ішінде жеткізілсе, ал ұялы байланыстың абоненттік нөмірі немесе

электрондық мекенжайлары пайдаланылып жіберілген хабарлама адресатқа жедел түрде жеткізіледі.

Бүгінгі таңда тараптарды хабарлауда заманауи технологияларды пайдалану сот жүйесіндегі сапалы элементтердің бірі болып табылады және азаматтар үшін де тиімді тәсіл. Мұның тиімділігін сот органдарының қызметкерлері де, сондай-ақ қарапайым азаматтар да сезіне бастады.

Жалпы алғанда бүкіл еліміздегі сияқты біздің Қостанай облысының соттарында да енгізіліп жатқан қазіргі заманғы жаңа ақпараттық технологиялардың пайдасы мен тиімділігі орасан зор. Бұл күнделікті қызмет барысында айқын байқалады.

**Асхат ДҮЙСЕНБАЕВ,**  
*Қостанай облыстық*  
*сотының кеңсе*  
*меңгерушісі*



## Мерекеден алған әсерлеріміз мол

Міне, Ұлы мереке - Наурыз мейрамын ел болып тойлап өткізгенімізге де 2-3 апта уақыт өтті. Алайда осы мерекеден алған әсерлерімізден әлі де айыға алмай жүрген жайымыз бар...

Нақтырақ айтар болсам, Қазақстан Республикасының ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы 102-оқу тобының «Арғымақ» ипподромындағы Наурыз мерекесін тойлауға қатысқанын қалай ұмытуға болады. Мәселен, осы іс-шараға - «Қош келдің Өз-Наурыз» атты мерекелік шараны ашуға, көрермендерді құттықтауға Қостанай облысының әкімі Мұхамбетов Архимед Бегежанұлының өзі қатысты. Бұл мерекені тойлауға, шараның көркін келтіруге Қостанай облысы аудандарынан, қалаларынан және де Ресей Федерациясынан да қонақтар келген. Мерекеде ән-күй шашуы шашылды, «Технодом» сауда үйінің атынан 75 қомақты сыйлық лотереясы ойнатылды, ең бастысы, ұлттық ойындар ойнатылды, олар: «Көкпар», «Аударыспақ», «Қыз Қуу», «Қой көтеру» және де Республикалық дәрежедегі «Бәйге» болды.

Наурыз түрік тарихынан бері келе жатқан қазақтың иісі аңқып тұратын мерекелердің бірі. «Наурыз» деген сөздің өзі түрік тілінен «жаңа күн» деген мағынаны белдіреді. Наурыз айының басталуынан аяқталуына дейін ай бойы мереке. Наурыздың 21-22 сiне қараған түні табиғаттың өзгеру құбылысы десекте болатын



шығар, ол дегеніміз күн мен түннің теңгерген күні. Бұл айда ақ түйенің қарны жарылған күн деп те атайды. Жоғарыда айтылып кеткен ұлттық ойындардың барлығы кеше-бүгін ұйымдастырып, ойнатылып келе жатқан жоқ, бұл ойындар түрік халқтарынан, яғни ата-бабамыздан келе жатқан ойындар, қыстаудан жайлауға көшіп-қонып, қыстаудан аман жайлауға бүтін келген мезгілдің себепкерлері. Осы мереке Қазақ Халқының Ұлы Тойы, бұл бауырсақтан бал тамып, ақ көжеге тоятын ай.

Айтылған мерекелік шарада атап кететін жағдай ол, ІІД құрамында Қостанай академиясының 102-оқу тобының полиция қатарындағы курсанттары Сейтмаханбет Рахат және Бекуыс Беріктің болуы болды. Бұл курсанттарымыз «Аударыспақ» сайысынан жүлделі орындарды иеленді, 80 киллограмға дейінгі салмақта курсант Сейтмаханбет

3-орынға, ал курсант Бекуыс ақтық сынға жолдама алып қарсыласына есе жіберіп, 2-орынды иеленді. Бекуыс Берік «Көкпар» ойынында қазандыққа салым салумен де ерекше көзге түсті. Екі курсант та жүлде алып, сыйақымен және грамотамен марапатталды. Сонымен қатар взводтың басқа да курсанттары «Қой көтеру» ойынына белсене қатысты, әсіресе Нышанбай Құдайберген дене бітімінің шағындығына қарамай, 42 кг салмақтағы қойды көтеріп 43 рет орнынан отырып тұруы көрермендерді дүр еткізді. Өкінішке орай, көтерген қой Құдайбергенге бұйырмай, Ресейден келген қонақтың қанжығасында кетті.

Сайыстар өте қызықты, жоғары деңгейде болды.

Мерекені ойдағыдай тойлауға, Қостанай облысының Наурызды қалай тойлайтынын көруге, тамашалауға куәгер еткені үшін өз атымнан және де 102-оқу тобының курсанттары атынан Қостанай академиясының басшылығына және де 102-оқу тобының кураторы полиция майоры Нұрмағанбетова Жанна Кенжеғалиевнаға айтар алғысымыз шексіз.

**Гүлнұр МАКСЕТОВА,**  
**ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев**  
**атындағы Қостанай академиясының**  
**баспасөз ісіндегі көмекшісі,**  
**курсант**

## Ақтөбеде лифтте қаза болған...

Ақтөбе қаласында көпқабатты тұрғын үйлердің бірінде болған қайғылы оқиғаның мән-жайы анықталды. Бүгін (7.04.2018 ж. ред.) Айзат Әбдісаматтың күйеуі Қайыржан Ерқасымов бұқаралық ақпарат құралдарына сұхбат берді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Бүкіл Қазақстанның шындықты білгенін қалаймын. Ақпарат әртүрлі тараған. Мен Айзатты лифттен өзім алып шықтым. Қызым үш жаста. Қызым бірінші қабаттан лифтте кіріп, кейін Айзат кіреді. Сол аяғымен кірген, оң айғын лифт есігі қысып қалды. Екінші қабаттағы аралықта тұрып қалған. Денесі сау. Аяғын жұлып кетпеді. Қызым сау, құлаған жоқ. Пәтер иелері кооперативі тросын қарап, жөндеу жүргізілгенін айтып жатыр. Шын мәнінде торстың еш қатысы жоқ. Лифт кедергі болған кезде бірден ашылуы тиіс. Бірақ ашылмаған», - деді қаза болған журналист Айзат Әбдісаматтың күйеуі Қайыржан Ерқасымов.

Сот-сараптама қорытындысына сүйенсек, Айзаттың өкпесі қысылып қалған.

«Ішкі құрылысы, өкпесі қысылып, ауа жетпей қалған. Кейін ішкі құрылысы жыртылып кеткен. Аяғы кесіліп қалған деген ақпарат шындыққа жанаспайды. Оқиға орнында қаза болды. Кемереводағы оқиғадан соң өрт қауіпсіздігі тексерілді, осы жағдайдан соң лифттерді қадағалау басталады. Пәтер иелері кооперативі не істерін білмей жүр. Шын мәнінде, біздің лифт аптасына бір рет тұрып қалады. Лифт тетігі дұрыс емес. Бірден ашылмайтынын бұрыннан білеміз», - деді ол.

Айзат Әбдісаматты күйеуі лифт ішінен алып шыққан. Қызын да өзі шығарып алған.

«Қолыммен алып шықтым, қан әлі қалды. Баламды сол күні ауруханаға апарып, тексертіп алдым. Аман-есен. Тек «мамам қысылып қалды» деп айта береді», - деді Қайыржан Ерқасымов. Оның айтуынша, лифтте екі есік болған. Қайғылы оқиға болған күні оның біреуі жабылмай қалған.

«Мен жұмыстан келе жатқан едім. Маған телефон шалып, «күтеміз» деп айтты. Ажалы шығар, сол күні жұмыстан кеш шықтым. Екі рет теміржол өткелінде тұрып қалдым. Үйге жақындағанда бір адамның көлігі тоқтап қалғанын көріп, оған да көметестім. Бір қарасам, адамдар жиналып қалған. Не болды деп ойладым. Подъезге кіріп, бірінші қабаттан лифтті шақырдым. Істемей тұрды. «Тағы істемей қалған» деп екінші қабатқа көтерілгенде, жүгіріп жүрген адамдарды көрдім. Жоғары көтеріле беріп, кері бұрылдым. Сұраған кезде «женщина без сознание, ребенок плачет» деп жауап қайтарды. Кішкентай тесіктен қарағанда қызымды көрдім. Ол мені көріп бақырып жіберді. Сол кезде жарық та болмады. Анасының түрін көрмегені де жақсы болған шығар. Көз алдында болған оқиға есінде қалатын шығар», - деді ол.

Оқиға орнына төтенше жағдайлар қызметі жеткенше Қайыржан Ерқасымов жанталаса әйелін құтқаруға кіріскен.

«Төтенше жағдай қызметкерлері келгенше өзім шығарып алдым. Қараған кезде еденде жатыр деп ойлағам. Бірақ Айзат қыстырылып, ілініп қалған екен», - деді ол.

ҚазАқпарат

## Сыбайлас жемқорлықпен күресу – барлық азаматтардың борышы

Біз жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Тәуелсіздік жылдарында жүргізіліп келе жатқан көп векторлы сындарлы сыртқы саясат пен ішкі тұрақтылықтың нәтижесінде Қазақстан бүгінде бүкіл әлемдік қауымдастықтың белсенді мүшесіне айналып келеді.

Бұл өз кезегінде елдің қауіпсіздігін, Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да деп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жондың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасымыз «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың

басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық азаматтардың азаматтық борышы деп білу керек.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес, барлық мемлекет қызметшілеріне және құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтердің лауазымды адамдарына кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, соның

ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілерді басқару органдарына, ақы төленетін қызметтер атқаруға тыйым салынатыны көрсетілген. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар үшін өз күзиреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басым бағыттарының бірі де осы сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу болып табылады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарының негізгі басымды бағыттары мыналар болып табылады:

- судья кадрларын іріктеу және даярлау, судья кандидаттарына талаптарды қатаңдату;
- тиімді және жүйелі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты шарты ретінде сот төрелігінің тәуелсіздігін нығайту;

- заңнаманы одан әрі жетілдіру;

- сот процестерінің қатысушылары арасында өтетін мерзімді әлеуметтік зерттеу тиімділігін және ашықтығын арттыру;

- заманауи ақпараттық технологиялардың пайдалану дәрежесін кеңейту;

- соттарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша халықаралық ынтымақтастықты жан-жақты нығайту;

- сот жұмысының айқындығын арттыру, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау;

- қабылданып жатқан алдын алудың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларының тиімділігін арттыру.

Осы бағыттардағы жұмысты жандандыру үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының өкімімен Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету Департаментінде дербес құрылымдық бөлімше Ішкі қауіпсіздік және соттардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімі құрылды. Осындай құрылымдық бөлімше әр облыс бойынша Соттар өкімшілерінде құрылды.

Аумақтық бөлімдердің қызметін үйлестіру және олардың алдындағы міндеттерді анықтау ішкі қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөліміне жүктелді. Ішкі қауіпсіздік және соттардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімінің аумақтық бөлімшелері белгіленген міндеттерді орындауға бағытталған профилактикалық іс-шараларды тұрақты негізде өткізеді.

Бүгінгі таңда, Жангелдин аудандық сотында жоспарлы және жоспардан тыс құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерінің қатысуымен өткізілетін дөңгелек үстелдерде, семинар сабақтарында, жедел кеңестерде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ескерту мәселелері үнемі талқыланып отырылады.

Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлық элементтеріне қарсы іс-қимыл, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністері туындаған кезде азаматтардың жүгінуіне мүмкіндік беру мақсатында, аудандық сот төрағасы апта сайын азаматтарды қабылдауын іске асырады.

**Алмас ХАМЗИН,**  
**Жангелдин аудандық**  
**сотының кеңсе меңгерушісі**